1.1	көру қабілетінен толық айрылған	1) Компенсаторлық әрекеттерді қалыптастыру және қолдану тәсілдері: - «Қолдар қолдың үстінде» тәсілі: баланың қолдары әрекетті орындайтын ересектің қолдарының үстіне қойылады, осылайша ол ересектің қолдарының жалпы қимыл сызбасын сезініп, есте сақтайды; - «Қолдар қолдың астында» тәсілі: ересек адамның баланың қолдарын өз қолына алып, әрекетті бірге орындауы. Бұл тәсілдерді қолдану кезінде ересек адамның баланың арқасында тұрып, оның деңгейінде болуы ұсынылады. Екі тәсіл де егжей-тегжейлі сөздік түсіндірумен сүйемелденеді. 2) Оқу ақпаратын қабылдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ететін тәсілдер:

		- Материалды кезең-кезеңімен ұсыну және әрекеттерді нақтылау, балалардың қолжетімді сенсорлық тәжірибесіне сүйену; - Сақталған анализаторларға сүйену. 3) Оқытуды ұйымдастырудың арнайы тәсілдері: - Алдын ала бейнелерді белсендіру және нақтылау; - Сигналдық тіректерді қолдану; - Түрлі әрекеттерді орындау алгоритмдерін пайдалану; - Заттық әрекетке сүйену (баланың зерттелетін материалдың мәнін ашатын заттық-практикалық әрекеттерді орындауы). 4) Тактильдік шаршаудың алдын алу тәсілдері: - Үздіксіз тактильдік жүктемені шектеу; - Саусақтарға арналған жаттығулар.
1.2	Нашар көретін-дер	1) Оқу ақпаратын қабылдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ететін тәсілдер: Экрандау, қарама-қарсы фонды қолдану, көру сигналының айқындығын арттыру, көру сигналының орнына акустикалық немесе тактильдік сигналдарды пайдалану; Көрнекілікті көрсету барысында оны нақты әрі түсінікті сипаттаумен сүйемелдеу. 2) Оқытуды ұйымдастырудың арнайы тәсілдері: Алдын ала бейнелерді белсендіру және нақтылау; Сигналдық тіректерді қолдану; Түрлі әрекеттерді орындау алгоритмдерін пайдалану. 3) Көру шаршауын жеңілдету және алдын алу тәсілдері: Көру функцияларының жай-күйіне сәйкес үздіксіз көру жүктемесін шектеу; Көру шаршауын басатын жаттығуларды (көзге арналған гимнастика) қолдану арқылы қызмет түрлерін ауыстыру; Көзге демалыс беретін динамикалық үзілістерді оқу-тәрбие процесіне енгізу.
1.3	Қылилық және амблиопия	1) Оқу ақпаратын қабылдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ететін тәсілдер: Экрандау, қарама-қарсы фонды қолдану, көру сигналының айқындығын арттыру. 2) Көру функцияларын ынталандыру әдістері (денсаулық сақтау технологиялары): Л. А. Григорян жүйесі бойынша көру жүктемелерін реттеу; Э. С. Аветисов әдістемесі бойынша көзге арналған гимнастика.
2	есту қабілетінде бұзылыстары бар	- көрнекі және практикалық әдістерді қолдану, оқытудың бастапқы кезеңдерінде сөздік әдістерді барынша азайту; - сөздік әдістерді көрнекі және практикалық әдістермен қатар қолдану; - оқу материалын кезең-кезеңімен ұсыну, бөлшектелген нұсқаулықтары бар тапсырмалар беру (қажет болған жағдайда бірнеше рет қайталау); - оқытудың бастапқы кезеңдерінде алгоритмдік нұсқаулықтарды қолдану; - қосымша визуалды қолдау көрсету (көрнекі модельдер мен иллюстрациялар, қызметтің тірек сызбалары, ымдау тілі белгілері және т.б.);

		- педагогтың негізгі материалды қайталап түсіндіруі; - баланың нұсқаулықтарды толық немесе ішінара қайталауы; - сөйлеуді есту-көру арқылы қабылдауды үйретуде әртүрлі коммуникация түрлерін пайдалану (ымдау тілі, акпаратты жеткізу үшін денеге тигізу және қимылдар негізінде қолданылатын физикалық байланыс техникасы және т.б.); - ересек пен баланың бірлескен әрекеті; - шаршаудың алдын алу тәсілдері (қызмет түрлерін ауыстыру, динамикалық үзілістер жасау және т.б.); - ассистивті технологияларды пайдалану (есту қабілетін дамытуға, артикуляцияны жетілдіруге, еріннен оқуға үйретуге арналған арнайы тренажерлар, жарық және дыбыстық оқыту құралдары мен құрылғылар жиынтығы және т.б.).
3	ауыр сөйлеу бұзылыстары бар	- оқытудың бастапқы кезеңдерінде көрнекі және практикалық әдістерді қолдану, сөздік әдістерді барынша аз қосу; - тапсырма нұсқаулығын жеңілдету, оны кезең-кезеңмен тұжырымдау; - нұсқаулықты баяу қарқынмен ұсыну, негізгі сөздерді қайталау; - сөздік нұсқаулардың күрделілігін біртіндеп арттыру; - практикалық әрекеттерді түсіндіру; - баланың нұсқауларды толық немесе жартылай қайталауы; - қосымша визуалды қолдау (алгоритмдер, сызбалар, карточкалар және т.б.); - арнайы гимнастика: тыныс алу, дауыс, мимикалық-артикуляциялық, интонациялық; - артикуляциялық дыбыстардың қалыптарын визуалды бақылау; - дыбыстың артикуляциясын муляж-ойыншықтың көмегімен қайталау, дыбысты асыра айқындап айту; - шапалақтау, тықылдату арқылы орындалатын логоритмикалық жаттығулар; - көп буынды сөздерді айтуда түрлі модальді тіректерді пайдалану; - сөйлеу режимін ұйымдастыру және сақтау; - сөйлеуді қорғау режимін сақтау кезеңінде: бірлесіп айту, сұрақ-жауап түрінде сөйлеу, ауызша жауаптардың орнына сигналдық карточкаларды қолдану; - ассистивті құрылғылар мен технологияларды пайдалану: бейнетүсірілім құрылғылары, сөйлеу синтезаторы немесе жазбаны ойнату функциясы бар электронды коммуникаторлар, GoTalk сөйлеу тренажерлері, тиісті бағдарламалық жасақтамасы бар планшет немесе дербес компьютер, қосымша құрылғылар, интерактивті коммуникациялық тақталар және т.б.
4	зиятында бұзылысы бар	- көрнекі-әрекеттік оқыту әдістері; - баланың сезімдік тәжірибесіне, практикалық әрекетіне барынша сүйену; - «кіші көлемдер» әдісі, бұл әдісте күрделі ұғымдар бөліктерге бөлініп, әр бөлік жеке зерттеледі; - тапсырмаларды кезеңдерге бөлу; - тапсырмаларды кезең-кезеңімен және егжей-тегжейлі түсіндіру; - тапсырма кезеңдерін біртіндеп орындау, әр кезеңді бақылау; - тапсырманы орындау нұсқауларын қайталау;

		- сабақтың барлық кезеңдерінде материалды бірнеше рет қайталау; - бірлескен әрекеттер әдісі; - тапсырманы орындауға қосымша уақыт беру; - негізгі ұғымдарды меңгеруге бағытталған қысқартылған тапсырмалар; - «айналма жолдар» әдісі (баспа суреттерін, заттық және графикалық алгоритмдерді, электронды байланыс құралдарын, сыртқы ынталандыруларды қолдану); - еңбек терапиясы әдісі; - ассистивті құралдарды пайдалану (табақша астына төсеніш, арнайы ас құралдары, сүт ішетін стакандар және т.б.); - баланы қоршаған адамдармен өзара әрекетке тарту үшін «тартылыс» әдісі (атымен шақыру, өзін айнадан көруге белсенді қатысу, баланы тыныштандыру, сенімділік беру мақсатында дене байланысы және т.б.); - сөйлеу үлгілерін енгізу.
5	психикалық дамуында тежелісі бар	- көру және практикалық оқыту әдістеріне акцент жасау; - «кішкентай қадамдар» әдісі (жаңа материалды дозалап жеткізу) егжей-тегжейлі, кеңейтілген түрде, іс-әрекеттердің нақтылығымен алгоритмдер түрінде; - тапсырмаларды кезең-кезеңімен түсіндіру; - баланың тапсырманың нұсқауларын қайталауы; - қосымша бағыттаушы сұрақтарды пайдалану; - көрнекі модельдер мен иллюстрациялар, іс-әрекеттің опорлық схемалары сияқты қосымша көрнекі қолдау қолдану; - тапсырманың әрбір кезеңін бақылаумен кезең-кезеңмен орындау; - тапсырманы орындауға қосымша уақыт беру, жұмыс жылдамдығы мен қабілеттеріне сәйкес; - балалардың назарын жақсарту және ынталандыруға бағытталған психотехникалық әдістер; - кинезиологиялық әдістер (созылу, тыныс алу жаттығулары, көз қозғалысы жаттығулары, дене жаттығулары, ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар, релаксация және массаж жаттығулары арқылы жүзеге асады); - есте сақтаудың арнайы әдістері: кинестетикалық (бұлшықет) жадын қолдану; байланыстырушы буындар әдісі; ауызша делдалдар әдісі; - кедергілерді жеңу әдісі (балаларға тапсырмалар ұсынылады, оларды орындағанда қиындықтар туындайды, осы қиындықтарды жеңу компенсаторлық механизмдерді қалыптастыруға бағытталған).
6	қимыл-қозғалыс аппараты бұзылған балалар	- тапсырмаларды кезең-кезеңімен түсіндіру; - тапсырмаларды кезеңдерге бөлу; - алгоритмдерлік нұсқаулар; - баланың тапсырманы орындау нұсқауларын қайталауы; - тапсырманың әр кезеңін орындау барысында бақылау жүргізу; - баланың әрекеттерді элементтер бойынша орындауы; - тапсырманы орындауға қосымша уақыт беру, баланың моторлық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін қарқынмен;

		- қосымша визуализация, көрсету барысында түсіндірумен сүйемелдеу; - әрекеттерді бірге орындау; - ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қозғалыс жаттығулары мен арнайы релаксациялық жаттығулар; - полисенсорлық тәсілдерді қолдану, яғни айналамен танысу кезінде мүмкіндігінше көп анализаторларды қолдану; - балалардың моторлық мүмкіндіктеріне сәйкес графикалық тапсырмаларды альтернативті түрде алмастыру; - іс-әрекеттің түрлерін үнемі ауыстыру; - ассистивті құралдар мен технологияларды пайдалану (физикалық, психологиялық және басқа да қиындықтарды жеңілдететін немесе жоятын); - қозғалыс-кинестетикалық әдістер; - жеке дәрігер-ортопедтің ұсыныстарына сәйкес ортопедиялық режимді сақтау; - оқу іс-әрекетін жеке медициналық ұсыныстарға сәйкес реттеу.
7	эмоциялық-ерік-жігері бұзылған балалар	
7.1	қатынасу және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар (аутизм)	- тапсырманы кезең-кезеңмен түсіндіру; - әрекеттерді элементтер бойынша үйрету; - тапсырма көлемін жеке түзету; - визуалды қолдау әдісін қолдану (визуалды кесте, тапсырмаға арналған визуалды көмекші құралдар, мінез-құлыққа арналған визуалды көмекшілер, визуалды ережелер мен нұсқаулықтар және басқалар); - баланы оқыту және тәрбиелеу жағдайларына бейімдеу үшін тактильді, моторлы байланыс әдістерін қолдану; - көңіл-күй мен эмоциялық жағдайды рефлексиялау; - мадақтау және марапаттау әдісі; - көру байланысы әдісі «көзбен көз»; - вестибулярлық ойындар, дене байланысын қамтитын ойындар; - әлеуметтік-коммуникативтік ойындар.
7.2	мінез-құлық бұзылыстары мен қиындықтары бар балалар	негативті мінез-құлықтың түріне байланысты арнайы әдістер мен тәсілдер: агрессивті мінез-құлық кезінде: дене байланысы (баланы құшақтау, қолына көтеру және т.б.); пассивті мінез-құлық кезінде: әрекетке ынталандыру, өзара әрекеттесуге бағытталған; назарын аудару үшін тосын жағдайларды қолдану, бәсекелестік элементтерін енгізу; өнімді қызметті ынталандыру (ойыншықтарды жинау, балаларға оқу материалдарын таратуға көмек көрсету және т.б.); гиперактивтілік кезінде: ойындарда жетекші рөлге тарту, энергияны оңды арнаға бағыттау үшін (ережелермен қозғалатын ойындар); теріс мінез-құлықты көрсеткенде көрермендерді (балаларды, ересектерді) жою; пайдалы қызметке тарту (ойын заттарын жинау және т.б.).
	қосарланған (күрделі) бұзылыстары бар	Арнайы оқу әдістері мен тәсілдері қосарланған бұзылыстың түріне байланысты қолданылады.

Коррекциялық жұмыс пен оқу процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған баламалы оқу әдістері маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл әдістердің көмегімен тек коррекциялық жұмыс тиімділігін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бейімделуді, тәрбие жұмысын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді оқытуды да арттыруға болады.

Баламалы оқу әдістерін негізінен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары қолданады.

№	ЕБҚ балалар санаты	Оқытудың балама әдістері
1	көру қабілетінде бұзылыстары бар	Көру функцияларын ынталандыру әдістері: - В. Ф. Базарный әдісі (терезеден бақылау; сенсорлық кресттердегі иллюстрацияларды немесе заттарды қарастыру; офтальмологиялық жаттықтырғыштарда жаттығу, сигналдық белгілер); - У. Бейтс әдісі. Монтессори әдісі (көру қабылдауын, тактильді сезімдерді, стереогностикалық сезімді, барикалық сезімдерді және т.б. дамыту).
2	есту қабілетінде бұзылыстары бар	- балама коммуникация әдістері (белгілерді, ым-ишараны, графикалық символдарды, суреттерді пайдалану), бұл сөйлемейтін балалар үшін ауызша сөйлеуді алмастырады: - музыкалық ынталандыру әдісі (бала дыбысқа жауап береді; дыбыс пен тыныштықтың айырмашылығын ажыратады; дыбыстардың санын (бір-көп) ажыратады және баланың қалыптасып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес біртіндеп күрделене түседі); - қозғалыспен ынталандыру (бала педагогпен бірге қозғалыстарды дәл орындайды; балада белсенді тыңдау, есту зейіні дамыған; бала қозғалыс ынталандыруына дауысымен және қозғалысымен өздігінен жауап береді; уақыттық және динамикалық өзгерістерді қабылдайды және қайталайды; педагогпен бірге және өз бетінше санамақтарды айтады).
3	сөйлеу бұзылыстары бар	Балама коммуникация құралдары ауызша сөйлеу болмаған жағдайда ерекше маңызға ие болып, негізгі рөлді вербалды емес қарым-қатынас тәсілдеріне жүктейтін коммуникациялық жүйені меңгеруді көздейді. Оларға арнайы тандалған заттар, графика -
		лық және баспа бейнелері (тақырыптық фотосуреттер, суреттер, пиктограммалар және т.б., сондай-ақ олардан құралған жеке коммуникациялық альбомдар мен кестелер), табиғи ым-ишаралар жатады.
4	зиятында бұзылысы бар	- «Нумикон» әдістемесі – санның жиынтық түрде қабылдануын қалыптастыру және есептеу операцияларын меңгеру үшін қолданылатын әдіс; - сенсорлық интеграция әдістері – әртүрлі сенсорлық жүйелерді үйлестіру жағдайында сезу мүшелерінің жұмысын ынталандыру;

		- баламен балама коммуникация құралдарын қолдана отырып өзара әрекеттесу: қызмет түрлерін белгілеу, күн тәртібін жоспарлау, өз қалауы мен өтініштерін білдіру үшін пайдаланылатын графикалық бейнелер (фотосуреттер, түрлі-түсті суреттер, қара-ақ суреттер, пиктограммалар) немесе заттық белгілер.
5	психикалық дамуында тежелісі бар	- Цицерон әдісі (ақпаратты ассоциацияларға негізделген есте сақтау әдісі); - мультисенсорлық оқыту (көру, есту және тактильді сияқты әртүрлі сенсорлық ынталандыруларды пайдалану); - коллаборативті оқыту: тәрбиеленушілер арасындағы немесе тәрбиеленушілер мен педагог арасындағы өзара әрекеттестікке негізделген интерактивті процесс, белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылады.
6	қозғалыс-тірек жүйесінің бұзылыстары бар	- баламалы коммуникация әдістері: ым-ишара, мимика, вокализация, көзқарас, баспа суреттері, заттық және графикалық алгоритмдер, пиктограммалар, арнайы белгілері бар карточкалар, электронды коммуникация құралдары, Блисс-символдар; - Бобат-концепциясының элементтерін – «нейро-дамыту терапиясын» (адамның дене қалпын арнайы реттеу, оған күтім жасау әдістерін қолдану арқылы жүйке жүйесіне сенсорлық әсерлерді бақылау) қимыл-қозғалыс режимін өздігінен қамтамасыз ете алмайтын тәрбиеленушілер үшін жағдай жасау мақсатында енгізу; - базальді стимуляция әдісі, ол қабылдаудың барлық салаларында импульстардың пайда болуына ықпал етеді (соматикалық сала – бүкіл дене беті; вестибулярлық сала – тепе-теңдік сезімі; вибрациялық сала – тербелістер; тактильді-сезімдік сала – жанасу сезімі және т.б.); - ойын терапевтік әдістерін қуыршақ терапиясы, құм терапиясы, арт-терапия және т.б. элементтерімен қолдану.
7	эмоционалдық-ерік бұзылыстары бар	
7.1	қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар (аутизм)	- АВА әдістемесі (мінез-құлықты модификациялау әдістемесі); - Мелье прелингвистикалық дағдыларын дамыту әдісі; жеңілдетілген (баламалы) коммуникация әдісі (ым-ишара, дене тілі, карточкалар және т.б. қолдану); - сенсорлық интеграция әдісі; - О.С. Никольскаяның эмоционалды-мағыналық терапия әдістері мен тәсілдері.
7.2	мінез-құлықтағы бұзылыстары мен қиындықтары бар	- бейімделген копинг-стратегияларды қолдану (стресс пен сыртқы жарақаттаушы жағдайларға дұрыс жауап беру түрін қалыптастыру); - музыка терапиясы; - түс терапиясы; - қуыршақ терапиясы; - құм терапиясы; - «скилл-терапия».

8	күрделі (құрамдас) бұзылыстары бар	- сенсорлық интеграция әдістері (әртүрлі сенсорлық жүйелерді үйлестіре отырып, сезім мүшелерінің жұмысын ынталандыру); - тактильді қабылданатын белгілер арқылы коммуникация; - базальді стимуляция әдісі: өз денесін сезіну; денесін қоршаған
		объектілерден ажырату; қолда бар қозғалыс қабілеттерін пайдалану; өзіндік белсенділікті дамыту (қоршаған әлемге реакция білдіру); стимуляцияны жүзеге асыратын ересек адаммен байланыс орнату; қарапайым қозғалыстар мен әрекеттерді орындауға дайындау; - «Бес қадам» алгоритмін қолдану: 1) бала қандай да бір әрекет жасайды (тербеледі, дем алады және т.б.); 2) ересек адам баланың әрекетін хабарлама ретінде қабылдайды; 3) ересек адам баланың әрекетіне дәл сол коммуникация арнасын қолдана отырып жауап береді (мысалы, сол ырғақпен тербеледі немесе дем алады); 4) бала ересектің әрекетін жауап ретінде қабылдайды; 5) баланың мінез-құлқы өзгереді (мысалы, тербелу қарқынын баяулатады немесе тыныс ырғағы өзгереді); - күнделікті өмірдегі нақты заттарды қолдану арқылы коммуникация әдісі: «ішу – кесе», «ойнау – машина», «серуенге шығу – бас киім». Бұл коммуникация түрі тәрбиеленушінің күнделікті іс-әрекеттердің реті туралы түсінік алуына, не болып жатқанын және не күтіп тұрғанын түсінуіне мүмкіндік береді; бұл әдіс кез келген бала үшін, бұзылыстардың ауырлық дәрежесіне қарамастан, тәуелсіз коммуникативті құрал ретінде де, символдық коммуникацияға көшу үшін бастапқы кезең ретінде де қолданылуы мүмкін; - графикалық (фотографиялық және символдық) бейнелерді қолдану арқылы коммуникация әдісі (баланың тікелей қоршаған ортасындағы нақты заттар мен объектілердің фотосуреттері, шынайы затты немесе объектіні графикалық түрде барынша дәл бейнелейтін стилизацияланған суреттер жинағы, пиктограммалар).

2.4 Дидактикалық құралдарды іріктеу, жеке оқу материалдарын әзірлеу

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу материалдарын іріктеу және дайындау келесі аспектілерді ескере отырып жүзеге асырылады:

- іске асырылатын оқу бағдарламасының мазмұндық компоненті;
- тәрбиеленушілердің сенсорлық және танымдық ерекшеліктері.

Оқу материалдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін педагог балалардың танымдық даму ерекшеліктері мен ақпаратты қабылдау тәсілдеріне (есту, көру, тактильді негізде) сәйкес оларды іріктеп, бейімдеуі қажет.

№	ЕБҚ бала- лар санаты	Оқу материалдарын іріктеу/бейімдеу
1	көру қабілетінде бұзылыстары бар	
1.1	көру қабілетінен толық айырылған	1) Көлемді көрнекі құралдар (дәлбедерлер, модельдер, макеттер, геометриялық денелер): - негізгі бөлшектері айқын көрінетін; - пішіні мен құрылымы тактильді қабылдау негізінде оңай танылатын және түсінілетін; - жасалған материалының фактурасы жақсы сезілетін. 2) Дидактикалық ойыншықтар (қуыршақтар, қуыршақ жиһаздары, ыдыс-аяқтар, жануарларды, құстарды, жәндіктерді бейнелейтін ойыншықтар және т.б.): - мүмкіндігінше түпнұсқаға жақын (табиғилық қағидасы сақталған); - бастапқы қабылдауға кедергі келтіретін қажетсіз бөлшектерсіз. 3) бедерлі-графикалық құралдар (контурлы, аппликациялық, барельефті); 4) тактильді кітаптар: - ойын элементтері бар кітаптар (ойын сюжетіне негізделген кітап, панорамалық кітап, фигуралы кітап, экран-кітап); - дидактикалық кітаптар; - қолөнер техникасымен жасалған тактильді басылымдар. 5) Бейнелі көрнекілікті бейімдеу бағыттары (қалдық көру қабілеті болған жағдайда): барынша жоғары контраст және бейнелердің қанықтығы; мағыналық жүктемесі бар бөлшектерді бедермен және контрастты контурмен ерекшелеу.
1.2	нашар көретіндер	1) Дидактикалық материалдар, ойыншықтар: - баланың көру мүмкіндіктеріне сәйкес қабылданатын жеке объектілердің өлшемін қатаң саралап іріктеу; - пішіні мен құрылымы көру арқылы оңай танылатын және түсінілетін; - логикалық маңызы жоқ артық бөлшектер мен элементтерсіз; - айқын бөлшектері мен оңай ажыратылатын бөліктері бар; - түстері қанық және жарқын; - стильдендірілген ақпаратсыз. 2) Контрасттылық пен түстің қанықтылығын арттыру; - бір-біріне ұқсас түстерді сызықпен ажырату немесе қарама-қарсы түске өзгерту; - жылтыр беті бар құралдарды қолданбау (шағылысу әсерін болдырмау үшін); - бір заттың екіншісінің үстіне қабаттасуын болдырмау (арнайы тапсырмалардан басқа), әсіресе жаңа затпен танысу кезінде; - мағыналық жүктемесі жоқ қосымша бөлшектердің санын азайту; - көпқабатты сюжеттік суреттерде алдыңғы, ортаңғы және артқы жоспарларды бөліп көрсету; - артық бөлшектерді алып тастау арқылы фонды жеңілдету; - объектілерді көрсету кезінде көру қабілетін жақсартатын фондарды пайдалану; - жұмыс жолын ерекше белгілеу; - жұмыс жолының өлшемін үлкейту; - жоларалық кеңістікте қосымша көмекші сызықтарды енгізу.

1.3	амблиопия- сы және қы- лилығы бар	Материалдар мен жабдықтар, ойыншықтар: - оқу материалдарын өлшемі, түсі, көлемі бойынша көру режиміне сәйкес іріктеу (офтальмолог дәрігердің нұсқауы мен тифлопедагогтың ұсыныстарына сәйкес); - пішіні мен құрылымы визуалды түрде оңай танылатын және түсінікті; - логикалық мағынасы жоқ артық бөлшектер мен элементтерсіз; - айқын бөлшектері мен анық ажыратылатын бөліктері бар. Көру контрастын арттыру және көздің шаршауын азайту үшін жеке фондық жазықтықтарды қолдану.
2	есту қабілетінде бұзылыста- ры бар	Символдар (ым тілі), суреттер, сызбалар, алгоритмдер арқылы оқу ма- териалын түсінуді жеңілдететін дидактикалық материал. Сөйлеу материалы лексикалық тұрғыдан түсінікті, сабақтың фонети- калық міндеттеріне сәйкес болуы қажет.
3	ауыр сөйлеу бұзылыста- ры бар	Сөйлеу материалы лексикалық тұрғыдан түсінікті болып, сабақтың фонетикалық міндеттеріне сәйкес келуі қажет. Үлкен, түрлі-түсті көрнекі құралдар, объектілердің айқын ерекшелік- терін көрсететін бейнелермен. Оқу материалының нақты оқу жағдайына бейімделуі: - оқыту әдістері мен тәсілдеріне негізделеді; - қажеттілікке қарай қолданылады; - максималды бейімдеуден минималдыға дейін өзгеріп отырады; - баланың сөйлеу дағдылары дамыған сайын бейімдеу деңгейі біртіндеп төмендейді.
4	зиятында бұзылысы бар	Балалардың эмоционалдық, тұрмыстық, әлеуметтік және ойын тәжіри- бесін бейнелейтін иллюстрациялық материал. Үлкен, түрлі-түсті көрнекі құралдар, объектілердің айқын ерекшелік- терін көрсететін, логикалық мағынасы жоқ артық бөлшектер мен эле- менттері жоқ.
5	психикалық дамуында тежелісі бар	Полисенсорлық негізде құрылған аудиовизуалды оқу құралдары, олар тәрбиеленушілердің көру және есту мүмкіндіктерін ескеріп, таным- дық қызығушылығын оятуға бағытталған.
6	қозға- лыс-тірек жүйесінің бұзылыста- ры бар	- дидактикалық материалдар, ойыншықтар айқын ерекшеленетін си- паттық белгілері бар объектілермен; объект үшін мағыналық жүкте- месі жоқ бөлшектер мен элементтерсіз; - үлкен көрнекі материал; - иллюстрациялар ақпаратпен шамадан тыс жүктелмеуі керек, бір объ- ект немесе олардың минималды саны бетте орналасуы керек; - иллюстрациялар түс гаммасымен шамадан тыс жүктелмеуі керек (сы- ртқы тітіркендіргіштер баланың жүйке күшін әлсіретеді); - иллюстрациялар көзге түспейтін біртүсті фонда болуы керек, назар- ды мазмұннан алаңдатпау үшін; - иллюстрациялардағы қабылданатын объект жалпы фоннан ерекше- ленуі керек (бейнеленген объектінің жалпы контурын белгілеу, контур- ды күшейту).
7	эмоционалдық-ерік бұзылыстары бар	

7.1	қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар (аутизм)	- бала үшін қызықты, көркем (бірақ көзге шағылыспайтын), оңай таңылатын, құрылымдалған және -- қолдануға ыңғайлы ойын материалдары таңдалады; - түсті таңдау баланың қалауларына байланысты анықталады; - барлық оқу материалы визуалды қатармен бекітіледі: визуалды кесте, тапсырмаларға арналған визуалды тіректер, мінез-құлыққа арналған визуалды тіректер, визуалды ережелер мен нұсқаулар және т.б.; - графикалық дағдыларды түзету үшін дәптерлерде қосымша сызықтар қолданылады: жолдарды анығырақ белгілеу, қосымша сызықтар енгізу; - оқу құралының бетінде белгілеу жүргізіледі (құрылымдалған кеңістікті жанама ұйымдастыру).
7.2	мінез-құлық-тағы бұзылыстары мен қиындықтары бар	баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес стимулдық материалды бейімдеу: қабылдау және меңгеру жылдамдығы, ойлау және есте сақтау сипаты, сөйлеу ерекшеліктері және т.б.
8	күрделі (құрамдас) бұзылыстары бар	баланың танымдық, көру және қимыл мүмкіндіктеріне сәйкес стимулдық материалды бейімдеу (өлшемі, пішіні, көлемділігі, түсі, контрастылығы)

2.5 Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: педагог-психологтың, арнайы педагогтың (соның ішінде олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагогтың, логопедтің (мұғалім-логопедтің) қолдауы

Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарындағы ЕБҚ бар тәрбиеленушілерге арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог тарапынан арнайы педагогикалық және психолог тарапынан психологиялық көмекті қамтиды. Тәрбиеленушілерге арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі ПМПК ұсынымдарымен расталады.

Арнайы педагогтер түзету компоненті бойынша сабақтар өткізеді (арнайы түзету қызметі). Түзету-дамыту оқыту жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға уақтылы көмек көрсетуге мүмкіндік береді және олардың дамуындағы бұзылыстарды түзетіп, орнын толтыруды қамтамыз етеді.

Арнайы педагогтер мен психологтың жеке, шағын топтық және топтық түзету сабақтары оқу күні ішінде және сабақтан тыс уақытта білім беру ұйымы әкімшілігі бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі [4].

Өз жұмысында арнайы педагогтер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың белгілі бір санаттарына (сөйлеу, есту, көру, интеллект, тірек-қимыл аппараты бұзылыстары, күрделі даму бұзылыстары) арналған үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алады [9].

Түзету қызметі (арнайы түзету жұмыстары) сабақтарының түрлері мен саны ерте жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен айқындалады [10].

Типтік ережелерге сәйкес арнайы білім беру ұйымдарының қызметінде арнайы педагогикалық көмек көрсету:

1) көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы бөбекжайларда – тифлопедагог арқылы топтық және жеке сабақтар түрінде көру қабылдауын дамыту (көру қабілетінен айырылған балалар үшін – сезіну мен ұсақ моториканы дамыту), әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістіктік бағдарлау бойынша;

2) Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы бөбекжайларда – сурдопедагог арқылы топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде есту қабылдауын дамыту, дыбыстау және сөйлеудің басқа да аспектілерін қалыптастыру, сондай-ақ мінез-құлық пен қарым-қатынас проблемалары бар балаларға психологиялық көмек көрсету;

3) Сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайларда – топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде логопедиялық көмек көрсету, сондай-ақ мінез-құлық пен қарым-қатынас проблемалары бар балаларға психологиялық көмек көрсету;

4) Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы бөбекжайларда – айқын интеллект, сөйлеу, мінез-құлық және қарым-қатынас бұзылыстары болған жағдайда арнайы педагогикалық, логопедиялық және психологиялық көмек көрсету (топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде);

5) Интеллектуалды дамуында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайларда – дефектолог (олигофренопедагог), логопед, психолог тарапынан топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде көмек көрсету;

6) Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бөбекжайларда – дефектолог (олигофренопедагог), логопед, психолог тарапынан топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде көмек көрсету [4].

Аралас санаттағы балаларға арналған арнайы бөбекжайларда арнайы педагогтің көмегі қатар жүретін бұзылыстар түріне сәйкес көрсетіледі.

Аутизмі (аутистік спектрінің бұзылыстары) бар балаларды оқыту, түзету, дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтарға консультация-

циялық және әдістемелік көмекті Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы көрсетеді.

Педагог-психолог балалармен келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- эмоциялық саласының бұзылыстары бар балалармен – әлеуметтік-эмоциялық дамуға арналған сабақтар;
- мінез-құлықтық бұзылыстары бар балалармен – мінез-құлық реакцияларын қалыпқа келтіруге бағытталған сабақтар;
- қарым-қатынаста қиындық көретін балалармен – коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға арналған сабақтар.

Арнайы психологиялық-педагогикалық көмектің тәрбие-білім беру үдерісінің әртүрлі салаларында қамтамасыз етілетінін ескеру қажет. Мамандар бұл көмекті тек жеке, шағын топтық және топтық сабақтар барысында ғана емес, сонымен қатар тәрбиеленушілердің ойын және қарым-қатынас әрекетіне қосылуы, күн тәртібіндегі сәттерге қатысуы кезінде де көрсетеді. Бұл топтың өмір сүру үдерісінде әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары мен икемдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Жеке, шағын топтық және топтық сабақтарды өткізу үшін мамандардың кабинеттері қажетті жабдықтармен және оқу-дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіледі.

2.6 Кедергісіз орта құру және оқу орнына бейімдеу

Кедергісіз орта өзара байланысты компоненттерді біріктіріп, мектепке дейінгі жастағы балалардың, соның ішінде ЕБҚ балалардың толыққанды дамуы мен білім алуына жағдай жасайды. Кедергісіз ортаның негізгі компоненттерінің бірі – физикалық қолжетімділік, ол ерекше қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің балабақша ғимараты мен оның бөлмелеріне кедергісіз кіруін қамтамасыз етеді.

Кедергісіз ортаның маңызды параметрлерінің бірі – кеңістікті ерекше ұйымдастыру, оны физикалық, сенсорлық немесе зияттық бұзылыстары бар кез келген тәрбиеленуші кедергісіз пайдалана алуы.

№	ЕБҚ санатындағы балалар	Кедергісіз орта құру
1	көру қабілетінде бұзылыстары бар	
1.1	көру қабілетінен толық айырылған	1. Кіріп-шығу және ғимарат ішінде, аумағында қозғалысты қамтамасыз ететін бейімделген құрылғылар: 1) Аумақта: - аумақты бағдарлауға арналған бедерлі-контрастты жабынмен жабдықтау;

		- арнайы ескерту (нүктелі) және бағыттаушы (сызықты) Брайль жолақтары немесе тактильді көрсеткіштер; - бордюрлер мен шығыңқы жерлерді белгілеу: тактильді бағдарлармен және түспен ерекшелеу (учаскелерді кезектесіп ашық түстерге бояу); - ғимаратқа кіреберістегі баспалдақтар екі жағынан да тұтқалармен жабдықталуы тиіс. 2) ғимаратта: - арнайы ескерту және бағыттаушы Брайль жолақтары немесе тактильді көрсеткіштер; - есік жақтаулары мен табалдырығын, есік тұтқаларын текстуралық және фондық контрастпен жиектеу; - баспалдақтың бірінші және соңғы сатылары (қалдық көруі бар балалар үшін) қалған сатылардан текстурасы мен контрасты түсімен ерекшеленуі тиіс; - тұтқалар баспалдақтың екі жағынан орнатылып, қабат алаңының бүкіл периметрі бойынша жүргізілуі керек, есік жақтауына 30—40 см жетпей аяқталуы тиіс; марштағы тұтқаларда үзілістерге жол берілмейді. Тұтқалардың ұзындығы баспалдақ маршының ұзындығынан әр жағынан кемінде 0,3 м ұзын болуы керек. Бірінші және соңғы баспалдақтардағы тұтқалардың учаскелері бедермен және контрастты түспен белгіленуі қажет; - балалардың негізгі қозғалыс бағыттары бойынша 0,5 м биіктікте бағыттаушы тұтқалар (есіктерден 30—40 см қашықтықта және олардан кейін тұтқаларда үзіліс жасалады); - жеке пайдалануға арналған жиһаз заттарында контрастты түспен ерекшеленген тактильді бағдарлар; - аймақтарды белгілеу үшін әртүрлі текстурадағы еден жабындары (аймақтау принципі). 2. Қабырғалардың бойында, мүмкіндігінше (әсіресе дәліздерде), жиһаз тұрмауы тиіс, бұл баланың қолымен қабырғаға сүйене отырып, өз бетінше қозғалуына мүмкіндік береді. Қабырғаларға орналастырылатын және балалардың пайдалануына арналмаған заттар 130 см-ден жоғары биіктікте болуы керек, осылайша бала олардың жолында кедергіге ұшырамайды. 3. Көзі көрмейтін баланың үстелі мен төсегі шеткі жақта орналасуы керек, осылайша ол оларды өз бетінше таба алатын болады. 4. Заттық-кеңістіктік ортаның тұрақтылығы: қоршаған заттар әрдайым өз орындарында болуы керек; бөлме есіктері үнемі ашық тұруы немесе мықтап жабылуы тиіс.
1.2	нашар көретіндер, амблиопиясы және қылилығы бар	1. Кіріп-шығу және ғимарат аумағында қозғалысты қамтамасыз ететін бейімдеулер: - аумақтағы кедергі объектілерін (бордюрлер, шығыңқы жерлер, биіктіктер) көзбен шолып анықтауға арналған белгілермен (контрастты түспен) ерекшелеу; - баспалдақтың шеткі (бірінші және соңғы) сатыларын ашық түстерге бояу; - есік жақтаулары мен есік тұтқаларын жалпы фонда ерекшеленетін түспен белгілеу;

		- мөлдір есік жапқыштарына контрастты белгі салу (екі көлденең жолақпен белгіленеді: әрқайсысының ені 400 мм, жоғарғысы – қызыл, төменгісі – сары. Сары жолақтың төменгі жиегі еденнен 500 мм биіктікте орналасуы тиіс); - жеке пайдалануға арналған жиһаз заттарында көзбен шолып анықтауға болатын бағдарлар орнату. 2. Заттық органы тұрақты орналастыруды сақтау.
2	есту қабілетінде бұзылыстары бар	МДҰ ғимараты мен бөлмелеріне кіруді қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар қажет емес, бірақ «кедергісіз орта» құру кезінде мыналар қажет: - оқу бөлмелерінің акустикалық дайындығы: реверберация (жаңғырық) әсерін азайту үшін арнайы дыбыс сіңіретін панельдермен және тығыз материалдан жасалған перделермен жабдықтау; - балалар үшін қолжетімді кеңістік ұйымдастыру, бұл ақпаратты барынша визуалды көздер арқылы қабылдауға мүмкіндік береді: ыңғайлы орналасқан және қолжетімді көрнекі материалдар бар стендтер, оқу бөлмелерінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің басталуын және аяқталуын білдіретін жарықтық индикация; - демалу/релаксацияға арналған арнайы орындар жасау, онда бала уақытша есту және көру анализаторларын «өшіруге» мүмкіндік алып, тыныға алады.
3	сөйлеуінде бұзылыстары бар	МДҰ ғимараты мен бөлмелеріне кіруді қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар талап етілмейді.
4	зиятында бұзылысы бар	МДҰ ғимараты мен бөлмелеріне кіруді қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар талап етілмейді.
5	психикалық дамуында тежелісі бар	МДҰ ғимаратына кіруді қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар талап етілмейді, бірақ «кедергісіз орта» құру кезінде, ПДТ-мен ауыратын балалар үшін ақпарат алу қиындық тудыратындығын ескеру қажет. Сондықтан, ең алдымен, олардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ететін орта құру қажет. Бұл үшін аудио-визуалды көздер арқылы ақпаратты барынша қабылдауға мүмкіндік беретін көрнекі материалдары бар стендтер ыңғайлы орналасуы және оңай қолжетімді болуы тиіс.
6	қозғалыс-тірек жүйесінің бұзылыстары бар	1. Кіріп-шығуды және аумақтағы, ғимарат ішіндегі қозғалысты қамтамасыз ететін құрылғылар: 1) аумағында: - тротуарларға арналған еніс түсетін жерлер; 2) ғимаратта: - ғимарат кіреберісіндегі сыртқы пандус: еніске бұрышы жеткілікті түрде жайпақ болуы тиіс (10-12°), ені кемінде 90 см, қоршаушы ернеуімен (биіктігі – кемінде 5 см) және тұтқаларымен (биіктігі – 50-90 см) жабдықталуы қажет. тұтқалардың ұзындығы пандустың ұзындығынан әр жағынан 30 см-ге ұзын болуы тиіс. егер ғимараттың сәулеттік ерекшеліктері дұрыс пандус салуға мүмкіндік бермесе, жиналмалы (жылжымалы) пандус орнатуға болады; - ішкі пандус; - ғимарат есіктері пандусқа қарама-қарсы бағытта ашылуы тиіс, әйтпесе арбадағы бала төмен сырғып кетуі мүмкін;

		- есіктердің ені кемінде 80-85 см болуы тиіс; - есіктерге арналған бейімдеулер (автоматты ашу жүйесі); - мүгедектер арбасына арналған көтергіштер; - лифт/баспалдақтарға орнатылатын көтергіштер; - дәліздердің бүкіл периметрі бойынша тұтқалар; - тұтқа-скобалар, бала тұрып ұстай алатын және қозғалу кезінде сүйенетін құралдар; - арнайы жабдықталған санитарлық тораптар; - арнайы қозғалыс құралдары (арбалар, жүріп-тұруға арналған құрылғылар және т.б.).
7	эмоционалдық-ерік бұзылыстары бар	
7.1	карым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар (аутизм)	МДҰ ғимаратына кіруге арнайы жағдайлар қажет емес, бірақ сыртқы ортада құрылымдалған кеңістікті ұйымдастыру маңызды параметр болып табылады: - кеңістікті аймақтарға бөлу: оқу аймағы, демалу аймағы, сенсорлық аймақ, оңашалану орны; аймақтардың кеңістіктік реттелуі. - қоршаған ортаның тұрақтылығын сақтау (барлық өзгерістер біртіндеп енгізілуі керек). Жеке пайдалануға арналған жиһаз заттарын тұрақты түрде таңбалау (түспен, суретпен). Терезелер мен есіктерді бұғаттау мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Оқу бөлмесі артық заттармен толтырылмауы керек, бөлме қабырғаларында көзге қатты түсетін сызбалар мен плакаттар болмауы тиіс. Кеңістікті ұйымдастырудың міндетті шарты – қарым-қатынас құралдарының болуы, соның ішінде коммуникациялық такта, коммуникациялық альбом, олар баланың және оны қоршаған адамдардың өзара байланысын қамтамасыз етеді. Кеңістікті ұйымдастыру кезінде қосымша көрнекі құралдар пайдаланылады: - бейімделуге көмектесетін құралдар (топқа кіреберіс қабырғаға тәрбиешілер мен топқа қатысатын балалардың фотосуреттерін орналастыру; белгілі бір бөлмелерді ақпараттық тақтайшалар арқылы белгілеу; баланың фотосуретін оның жеке пайдаланатын заттарын белгілеу үшін қолдану – орындық, төсек және т.б.). - қарым-қатынас құралдары (мысалы, «есікті аш» деген жазу кіреберіс есікте). - әлеуметтік-іс жүргізушілік құралдар – мінез-құлық ережелерін бейнелейтін иллюстрациялар; әлеуметтік әрекеттердің алгоритмін көрсететін суреттер топтамасы (кину-шешіну, тамақтану және т.б.).
7.2	мінез-құлықтағы бұзылыстары мен қиындықтары бар	МДҰ ғимаратына кіру үшін арнайы жағдайлар қажет емес. Терезелер мен есіктерді бұғаттау мүмкіндігін қарастыру қажет.
8	к ү р д е л і (құрамдас) бұзылыстары бар	Кедергісіз орта біріктірілген бұзылудың түріне сәйкес құрылады.

Оқу орнының бейімделуі – бұл ЕБҚ бар балалардың жеке физикалық және мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес оқу ортасын реттеу. Осыған байланысты оқу орнының таңдалуы мен ұйымдастырылуына қатысты нақты талаптар қойылады.

№	ЕБҚ санатындағы балалар	Оқу орнын таңдау	Оқу орнын ұйымдастыру
1	көру қабілетінде бұзылыстары бар	Оқу орнын таңдаудың және ұйымдастырудың критерийлері – визуалды жұмыс жасауға арналған жайлы жағдайлар (көрмейтін балалар үшін – тактильді қабылдауға негізделген жұмыс жасау үшін).	
1.1	көру қабілетінен толық айырылған	Жұмыс орны баланың кеңістіктегі жайлы әрі ыңғайлы орналасуын қамтамасыз етуі керек, оның белсенді әрекеттерін толық қабылдау және ұйымдастыру үшін жағдай жасау қажет. Көру қабілеті сақталған немесе жарық сезінуі бар көру қабілеті жоқ балалар үшін партаның/үстелдің орналасу орнын офтальмолог дәрігерінің ұсыныстарына сәйкес анықтау жүзеге асырылады. Оқу орнына еркін жақындау қамтамасыз етіледі. Жиектері бар үстел/парта. Оқытудың көмекші құралдарын пайдалану үшін жеткілікті орын қамтамасыз етіледі. Үстелде ең аз заттар болуы керек. Заттарды үстелдің/партаның бетінде бекіту үшін арнайы құралдар (магниттер, жабысқақ ленталар және т.б.) қолданылады. Жеке жарықтандыру (көру қабілеті сақталған балалар үшін) офтальмолог дәрігердің тағайындауы бойынша қамтамасыз етіледі.	Жиектері бар үстел/парта. Оқытудың көмекші құралдарын пайдалану үшін жеткілікті орын қамтамасыз етіледі. Үстелде ең аз заттар болуы керек. Заттарды үстелдің/партаның бетінде бекіту үшін арнайы құралдар (магниттер, жабысқақ ленталар және т.б.) қолданылады. Жеке жарықтандыру (көру қабілеті сақталған балалар үшін) офтальмолог дәрігердің тағайындауы бойынша қамтамасыз етіледі.
1.2	нашар көретіндер	Оқу бөлмесіне табиғи жарықтың еркін кіруін қамтамасыз ету, жарық ағынын реттеуге мүмкіндік беретін жалюзилерді пайдалану. Оқу орны балалардың көру қабілеті мен көз мүмкіндіктерін ескере отырып анықталады. Оқу орнын анықтау кезінде сол жақтан бүйірлік жарықтандыру қарастырылады. Жарықтың негізгі ағынының алдан (тікелей және	Оқу үстелдері/парталары жылтыр болмауы керек (шағылысады). Көру қабілетін жақсартатын және ажырату қабілетін арттыратын жеке құралдар: - жергілікті жарықтандыру шамы (көрсеткіштер бойынша); - контрастты күшейту үшін фонық жазықтықтар, көру

		шағылысқан шамадан тыс жарқырау) және арттан (күрт және терең көлеңкелер) бағытталуына жол берілмейді. Жұмыс аймағында жарықтандыруды жоғарылату қажеттілігін сезінетін балалар үшін оқу орны терезенің жанында, бірақ терезелер арасындағы қабырға бөліктерінде. Жарықтан қорқатын балалар үшін оқу орны табиғи жарық көздерінен алысырақ орналасуы тиіс.	шаршауын азайту (көз жүйкесі атрофиясы кезінде – ашық фон, күрделі жақын көруде – жасыл фон, қатарақта кезінде – қараңғы (жарық қараңғыда)); - әлсіз көруді түзету үшін оптикалық құралдар, үлкейту құралдары; - афакия, миопия, глаукомасы бар балалар үшін жұмыс бетінің тік жазықтығын қамтамасыз ететін оқу тіректері; - жарық ұштықты көрсеткіштер.
1.3	амблиопиясы және қылилығы бар	Оқу орны келесі жағдайларды ескере отырып анықталады: 1) балалардың көру қабілеті мен көру мүмкіндіктерінің өткірлігі: - 1-ші қатар – көру қабілеті 0,4 дейінгі балалар; - 2-ші қатар – көру қабілеті 0,4 – 0,6 арасындағы балалар; - 3-ші қатар және ары қарай – көру қабілеті 0,6 жоғары балалар; 2) Окклюзияның сипаты: қабылдау объектісі окклюзиясыз көз жағында орналасуы тиіс; 3) Көздің қиғаштығының түрі: көздері қиғаш орналасқан балалар орталыққа отырғызылады.	Көру қабілетін жақсартатын және ажырату қабілетін арттыратын жеке құралдар: - жергілікті жарықтандыру шамы (көрсеткіштер бойынша); - контрастты күшейту және көздің шаршауын азайту үшін фондық жазықтықтар (амблиопияда сары, жасыл фон ұсынылады); - ұлғайтатын құрылғылар (кажеттілік бойынша); - жұмыс бетінің тік жазықтығын қамтамасыз ететін оқу тіреулері, жақын қылилығы бар балалар үшін; - ұшы ашық түсті көрсеткіштер.
2	есту қабілетінде бұзылыстары бар	Оқу орны баланың сөйлеп тұрған адаммен көзбен байланыс орнатуына мүмкіндік беру үшін жеткілікті орын болуы керек (басы мен денесін бұрып, басқа адамдардың сөйлегенін есту және көру арқылы қабылдауы қажет).	Оқытудың көмекші құралдарын пайдалану үшін жеткілікті орын қамтамасыз етілуі қажет.
3	сөйлеуінде бұзылыстары бар	Оқу орнын анықтағанда баланың көру, қозғалыс және мінез-құлық ерекшеліктері ескеріледі.	Үстел/партадағы жұмыс материалдарын барынша азайту, оларды нақты ұйымдастыру. Оқуға арналған техникалық құралдарды пайдалану үшін жеткілікті орын қамтамасыз ету. Қозғалыс координациясы бұзылған АСБ бар балалар үшін әртүрлі іс-әрекеттермен айналысуға, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға және ойнауға мүмкіндік беретін арнайы бейімделген жиһаз болуы керек.

4	зиятында бұзылысы бар	Оқу орнын таңдау және ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушінің моторикасының, қабылдауының, зейінінің, жадысының, мінез-құлқының мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріледі.	
5	психикалық дамуында тежелісі бар	Оқу орнын таңдау кезінде тәрбиеленушінің қабылдауының, зейінінің, жадысының, мінез-құлқының мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріледі.	Үстел/партадағы заттардың ең аз мөлшері (аландайтын факторларды барынша азайту). Қаламдар мен қарындаштарға арналған бекітілген тіреуіш.
6	қозғалыс-тірек жүйесінің бұзылыстары бар	Оқу орнына ыңғайлы жақындау мүмкіндігі, оның ішінде арбамен өтуге болатын жол. Баланың кеңістікте барынша жайлы орналасуын және қозғалыстарды орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін орын (ортопед-дәрігердің және ЛФК нұсқаушысының ұсынымдарына сәйкес). Оқу орны реабилитациялық техникалық құралдарды пайдалануға және рефлекс-тежеуші позицияларды қолдануға мүмкіндік беруі керек (ересектер баланың патологиялық рефлекс-тердің белсенділігін төмендету және бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру үшін беретін поза).	Жиһаз бен техникалық құралдарды (жаттығу құралдары, реклинаторлар және т.б.) баланың антропометриялық деректеріне, қозғалыс бұзылыстарының ерекшеліктеріне (спастика немесе гипотонус, гиперкинездердің болуы және т.б.) және медициналық ұсынымдарға сәйкес таңдау: - биіктігі реттелетін үстелдер мен орындықтар; - мүгедек арбасына арналған ойынғы бар бір орындық үстелдер/парталар; - балаларды тұрып оқытуға арналған көлбеу парталар; - балаларды жатып оқытуға арналған сына тәрізді тіреуіштері бар медициналық кушеткалар; - ортопедтік орындық; - баланы оған барынша қолайлы күйде бекітуге мүмкіндік беретін арнайы құралдары бар ортопедтік кресло; - аяққа арналған тіреуіш; - тізеге салмақты жастықша, - аяққа тіреу үшін тізеге ауыр жастықшаларды, және сираққа салмақ салғыштарды қолдану; - бас тіреуіш және т.б. Оқытудың көмекші құралдарын пайдалану үшін жеткілікті орын қамтамасыз етілуі тиіс. Үстелде/партада заттардың минималды саны болуы қажет. Заттарды үстелдің/партаның бетінде бекіту үшін арнайы магниттер мен түймелер сияқты құралдар қолданылады. Оқытуды жеңілдететін арнайы құралдар (қаламсаптар мен қарындаш ұстағыштар, қолдарға арналған салмақтар).

7	эмоционалдық-ерік бұзылыстары бар		
7.1	қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар (аутизм)	Сабақтар өткізу кезінде жеке тұрақты орынның болуы. Бірінші үстел/партада отыру ұсынылады.	Шектелген кеңістік. Алаңдататын тітіркендіргіштердің болмауы. Бұрышын өзгертуге болатын жеке үстел/парта қарындашқа арналған бекітілген тұғыр және оқу материалдарын бекітуге арналған құрылғылар. Қарындаш насадқалар, трафареттер және жол шекаралары. Үстелде/партада тек осы сабаққа қажетті заттар ғана болуы тиіс.
7.2	мінез-құлықтағы бұзылыс-тарымен қиындық-тары бар	Гиперактивті баланың оқу орны терезе жанында болмауы керек, себебі ол алаңдамауы тиіс. Оптималды орын – орталықтағы бірінші парта, тақтаға қарсы.	Оқу кеңістігі ойын және оқу материалдарымен артық жүктелмеуі тиіс. Үстелде/партада артық заттардың болмауы. Қарындаштарға арналған бекітілген тіреуіш. Қажет болған жағдайда – арнайы ауырлатқыштарды қолдану, бұл теріге терең қысым жасау қажеттілігін қанағаттандырып, баланың теріс мінез-құлықтарын азайтуға мүмкіндік береді. Сабақтар кезінде салмақтарды қолдану баланың гиперактивтілігін төмендетіп, оның сабырлы болуына әсер етеді.
8	күрдәлі (құрамдас) бұзылыстары бар	Оқу орнын таңдау және ұйымдастыру қосарланған бұзылыстар түріне сәйкес жүзеге асырылады.	

2.7 Компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету

Компенсаторлық және техникалық құралдар ЕБҚ бар тәрбиеленушілерге қозғалуда, коммуникацияда және оқу қызметін жүзеге асыруда барынша мүмкін болатын дербестікті қамтамасыз етеді. Осы санаттағы балаларға педагогикалық қолдау көрсету үшін мектепке дейінгі ұйымдар жабдықтар мен жиһаздарды жабдықтау нормаларына сәйкес арнайы техникалық және компенсаторлық құралдарды сатып алады, бұл мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарына, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарына қатысты [11].

№	ЕБҚ бар балалар санаты	Компенсаторлық және техникалық құралдар
1	көру қабілетінде бұзылыстары бар	- тактильді диаграммалар мен бедерлі суреттер жасауға арналған принтер, бедерлі көрнекілік құралдары - бейнелерді басып шығарып, оларды тактильді нұсқаға айналдыруға арналған арнайы қағаз - көру қабілеті нашар адамдарға арналған стационарлық ұлғайтқыш құрылғы - көру қабілеті нашар адамдарға арналған портативті ұлғайтқыш құрылғы - бедерлі сурет салу құрылғысы (3 жастан асқан көру қабілетінен айырылған балалар үшін) - бедерлі сурет салуға арналған пленка (3 жастан асқан көру қабілетінен айырылған балалар үшін) - балаларға арналған грифель (3 жастан асқан көру қабілетінен айырылған балалар үшін) - бедерлі-нүктелі қаріппен жазуға арналған арнайы қағаз (көру қабілетінен айырылған балалар үшін) - «Ориентир» құрылғысы, ойын түрінде маршруттарды, кеңістіктегі нысандардың орналасуын үйренуге мүмкіндік береді - «Графика» құрылғысы, жазықтықта әртүрлі геометриялық фигураларды құруға және математикалық түсініктерді қалыптастыруға арналған
2	есту қабілетінде бұзылыстары бар	Сымсыз оқу сыныбы – топта фронталды жұмысты ұйымдастыруға арналған Индукциялық ілмек жүйесі Логопедиялық зондтар мен шпательдер жиынтығы Есту қабылдауын дамыту және коммуникативті-сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тренажер Дыбыс айту мен лексика-грамматикалық құрылымды дамытуға арналған дербес компьютер негізіндегі тренажер Бастапқы сөйлеу коммуникациясын меңгеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері Диагностикалық аудиометр (тональді, ойындық, сөйлеу аудиометриясы және еркін дыбыстық кеңістікте аудиометрия функцияларымен)
3	сөйлеу тілінде бұзылыстары бар	Логопедке арналған «Ақылды айна» Логопедиялық зондтар мен шпательдер Стерилизатор Ауызша сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған мультимедиялық кешен Компьютерлік түзету-дамыту ойындары мен бағдарламаларының жиынтығы Бағдарламалық қамтамасыз етілген үстел үсті сөйлеу құрылғысы Есту қабылдауын дамыту және коммуникативті-сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тренажер Бастапқы сөйлеу коммуникациясын меңгеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері

		Дыбыс айту мен лексика-грамматикалық құрылымды дамытуға арналған дербес компьютер негізіндегі тренажер «Дыбыстар әлемі. Айту» атты альбом-оқулықтың электронды нұсқасы
4	зиятында бұзылысы бар	Мультимедиялық интерактивті оқу-әдістемелік кешен Қарапайым сөйлеу қарым-қатынасын меңгеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері
5	психикалық дамуында тежелісі бар	Педагогтың жетекшілігімен қолданылатын оқу-компьютерлік ойындар, қалыптастырылатын дағдылар мен біліктерді пысықтауға, сондай-ақ материалды әртүрлі нұсқаларда қайта-қайта қайталауға уәждеуді дамытуға арналған. Бастапқы білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған арнайы оқу-жаттығу құрылғылары – оқытуда арнайы әзірленген бағдарламаларды қолдану негізінде пайдаланылады. Бұл бағдарламалар меңгерілетін әрекетті модельдеу үдерісіне сүйене отырып жасалады, нәтижесінде балаларда белгілі бір әрекетті орындаудың динамикалық стереотипі қалыптасады.
6	козғалыс-тірек жүйесінің бұзылыстары бар	Ортопедиялық орындық Еденге арналған орындық Бейімделетін үстел-мольберт Вертикализатор-тіреуіш Тірек рама ЕДШ (емдік дене шынықтыру) сабақтарына арналған құралдар: - әртүрлі өлшемдегі нейро-ортопедиялық оңалту комбинезоны - әртүрлі өлшемдегі рефлекторлы-жүктеме құрылғысы - оңалтуға арналған механотерапиялық жаттықтырғыш - жүруге арналған ортопедиялық тренажер - жүруге көмектесетін құрылғы - қол мен аяққа арналған ауырлатқыштар - жүруге арналған жиынтық - жүру имитаторы - екі баланы тасымалдауға арналған арба - жүруге үйретуге арналған екі деңгейлі құрылғы - функционалды тіреуіш (артқа еңкіш вертикализатор) - «Укладка» – 4-5 жасқа дейінгі балаларға арналған көпфункционалы терапиялық жүйе - өсуіне байланысты бейімделетін көлбеу вертикализатор - саусақтар мен білезікті дамытуға арналған тренажерлер - қаңқа-бұлшықет жүйесіне арналған лабиринт
7	эмоционалдық-ерік бұзылыстары бар	Арнайы компенсаторлық және техникалық құралдарды қолдану талап етілмейді.
8	күрделі (құрамдас) бұзылыстары бар	Компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету аралас бұзылыстың түріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған білім беру қажеттіліктерінің әрбір компоненті әртүрлі деңгейде, көлемде және ұйымдастырушылық-мазмұндық тұрғыда жүзеге асырылады – бұл ЕБҚ бар тәрбиеленушілердің әртүрлі санаттарына да, сондай-ақ жекелеген балаларға да қатысты. Мысалы, өтемдік және техникалық құралдарға деген қажеттілік, ең алдымен, есту және көру қабілеті бұзылған балалар үшін білім беру жағдайларын жасауда аса маңызды. Ал мектепке дейінгі ұйым инфрақұрылымындағы нысандарға физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кедергісіз орта құру қозғалыс-тірек аппараты мен көру қабілетінде ақауы бар балалар үшін басым мәнге ие.

Әрбір баланың анықталған білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлардың тізімін кестеде көрсету ұсынылады (толтыру үлгісі төменде берілген).

**«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар _____
тәрбиеленушілер тобы» (көру қабілеті бұзылған балалар)
кестесін толтырудың мысалы**

Тегі, аты	Ерекше білім беру қажеттіліктері						
	Оқу нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту	Оқу нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту	Арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану	Оқу-әдістемелік кешендерді таңдау, жеке оқу материалдарын әзірлеу	Арнайы психолого-педагогикалық қолдау	Оқу орнын таңдау және ұйымдастыру	Компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету
1. Айгуль А.	Бағдарлама бөлімдерін бейімдеу қажет: сурет салу, мүсіндеу, аппликация, дене шынықтыру, музыка.	Диагностикалық тапсырмаларды бейімделген бағдарламаның мақсатты және мазмұндық құрамдастарына сәйкес жеке даралау. Нұсқауларды кезең-кезеңмен тұжырымдау. Көрнекі материалдарды зерттеу және тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру. Диагностикалық тапсырмалар санын қысқарту. Стимулдық материалдарды жеке даралау.	«Қол үстіндегі қолдар», «Қол астындағы қолдар» тәсілдері. Материалды әрекеттерді егжей-тегжейлі бөліп көрсету арқылы «қадамдық» ұсыну. Өртүрлі іс-әрекет түрлерін орындау алгоритмдерін пайдалану. Заттық іс-әрекетке сүйену. Тактильді шаршауды болдырмайтын тәсілдер (үздіксіз тактильді жүктемені шектеу, саусақ гимнастикасы).	Көлемді көрнекі құралдар айқын көрінетін негізгі бөлшектермен, олардан жасалған материалдардың текстері айқындығымен. Рельефті-графикалық құралдар. Тактильді кітап-тар.	Тифлопедогогтың, психологтың көмегі қажет етіледі.	Жиегі бар үстел/парта. Оқу орнына еркін жақындау мүмкіндігі. Оқуға арналған қосалқы құралдарды пайдалану үшін жеткілікті орын қамтамасыз ету. Үстел/парта бетінде заттарды бекітуге арналған арнайы құралдар (магниттер, жабысқақ таспалар және т.б.).	Бедерлі сурет салуға арналған құрал. Грифель. Пленка жинағы. Бедерлі-нүктелі шрифтпен жазуға арналған арнайы қағаз.

2. Малика С.	Қажет емес.	Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру	Оқу ақпаратын қабылдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ететін тәсілдер: контрастылы фонды пайдалану, көру сигналын күшейту; көрнекілікті көрсету кезінде түсінікті, нақты сипаттамамен сүйемелдеу. Сигналдық тіректерді пайдалану; әртүрлі іс-әрекет түрлерін орындау алгоритмдерін қолдану. Көру шаршауын басатын және алдын алатын тәсілдер: - үздіксіз көру жүктемесін 15 минутпен шектеу; - көру шаршауын басуға арналған жаттығуларды пайдалану (көру гимнастикасы).	Жоғары контрасты, қанық түсті, үлкен өлшемді (бөлшектері – 2 см) құралдар, ұсақ бөлшектерсіз. Ақпараттық жүк тасымалдайтын бөлшектердің нақты контурленуі. Жылтыр, жалтыр құралдарды қолданбау.	Тифлопедагог көмегі қажет.	Тақтаның оң жағынан бірінші қатар. Жергілікті жарықтандыру шамы. Контрасты күшейтуге арналған фондық жазықтықтар (жасыл фон). Оқуға арналған тіреуіш. Ұшы ашық түсті көрсеткіш.	Портативті үлкейткіш әйнек
3. Жәнетб.							

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда әртүрлі бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес тиімді арнайы білім беру жағдайларын жасауға негізделген талаптардың болмауы әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеудің қажеттілігін туындатады.

Арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиленушілердің жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандардың негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып табылады.

Әдістемелік нұсқаулықтарда қарастырылып отырған мәселе бойынша нормативті-әдістемелік құжаттардың шолуы негізінде, оларда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін білім алу үшін арнайы жағдайлардың толық сипаттамасы берілмегені анықталған.

Әдістемелік нұсқаулықтар арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында психолого-педагогикалық сүйемелдеудің ұйымдастырушылық және мазмұндық негіздерін, сондай-ақ тәрбиленушілер үшін арнайы білім беру жағдайларын жасау бойынша ППСҚ мамандарының жұмыс бағыттарын ашып көрсетеді.

Әдістемелік нұсқаулықтарда мүмкіндігі шектеулі балалардың (сөйлеу, көру, есту, тірек-қозғалыс аппараты, зият, психикалық даму тежелуі, күрделі (қосылған) бұзылыстары, эмоционалдық-ерік күштерінің бұзылыстары: қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизм), мінез-құлық бұзылыстары мен қиындықтары бар) әртүрлі категорияларының ерекше ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін көрсететін арнайы білім беру жағдайларының толық пакеті ұсынылған.

Әдістемелік нұсқаулықтарда арнайы жағдайларды жасауға арналған ұсыныстар (нақты мысалдармен көрсетілген):

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту (адаптациялау);
- 2) оқу нәтижелерін бағалаудың тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
- 3) әртүрлі, арнайы және баламалы оқу әдістерін қолдану;
- 4) оқу-әдістемелік кешендерді, дидактикалық құралдарды таңдау, жеке оқу материалдарын әзірлеу;
- 5) педагог-психолог, арнайы педагогтың (оның ішінде, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед (логопед-ұстаз) сияқты) арнайы психолого-педагогикалық қолдауы;
- 6) қолжетімді орта жасау және оқу орнына бейімделу (оқу орнының тандалуы және ұйымдастырылуы);
- 7) компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету.

Әдістемелік нұсқаулықтарда арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиленушілер үшін арнайы білім беру жағдайларын жасауға негізгі тәсіл ретінде әрбір баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың нақтылау ұсынылған.

Қазіргі әдістемелік нұсқаулықтар арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына тәрбиленушілер үшін сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін арнайы білім беру жағдайларын жасау және жүзеге асыру жөнінде нұсқаулық болады.

ГЛОССАРИЙ

Балама әдістер – білім алудың дәстүрлі мектеп шеңберіне сыймайтын тәсілдері.

Бейімделгіш копинг-стратегиялар – адамның стресспен күресу үшін жасайтын әрекеттері. Бұл ұғым когнитивті, эмоционалдық және мінез-құлықтық стратегияларды біріктіреді, олар қиын жағдайларда қолданылады.

Ассистивті технологиялар – әртүрлі бұзылыстары бар тұлғалардың функционалдық мүмкіндіктерін қолдау немесе арттыру үшін арналған құралдар мен қызметтердің кең спектрі.

Барикалық сезімдер – ауырлық сезімін қабылдау.

Бобат-терапиясы – қозғалыстар мен статикалық позаларды ұстағанда туындайтын сезімдерді өзгерту үшін арнайы сенсорлық ынталандыру әдістерін қолдануға негізделген әдіс, бұл олардың түзету мүмкіндігін жасайды.

Базальды стимуляция – альтернативті коммуникация әдістерін, көрнекі және дыбыстық, вестибулярлық, вибрациялық, дәмдік және иістік стимуляцияны біріктіретін тәсіл.

Блисс-символдары – алфавит негізінде базалық символдар жиынтығымен ұсынылған семантикалық тіл жүйесі (альтернативті коммуникация құралы).

АВА әдісі – аутизммен ауыратын балаларда белгілі бір дағдыларды дамытуға және қажет емес мінез-құлықты жоюға бағытталған әдіс.

Сөздік делдалдар әдісі (есте сақтау процестерін басқару әдістерінің бірі) – екі объектілер қатарын сәйкестендіруге негізделген, мағыналы сөз тіркесіне ұйымдастырылған тірек сөздер қатарын есте сақтауға арналған.

Мелье прелингвистикалық дағдыларды дамыту – кешіктірілген имитация әдісі, яғни еліктеу қабілеті.

Реверберация – бұл дыбысқа кеңістік тереңдігі мен ені сезімін қосатын эффект, дыбыстық толқындардың қабырғалардан, еденнен, төбеден неме-

се ғимараттың басқа құрылымдық элементтерінен қайта шағылысуының нәтижесінде пайда болады.

Скилл-терапия – саморегуляцияны дамытуға бағытталған когнитивтік коррекциялық бағдарлама.

Цицерон әдісі – ақпаратты есте сақтау әдісі, ол ассоциацияларға негізделген.

Стереогностикалық сезім – затты қолмен танып-білу.

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңы

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 «Білім беру ұйымдарының түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 «Психолого-педагогикалық сүйемелдеу ережелерін мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарында бекіту туралы» бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білімнен кейінгі, арнайы, балалар үйлерінде және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, сондай-ақ балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы Типтік ережелерді бекіту туралы» бұйрығы.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 «Медицина-әлеуметтік сараптама жүргізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы (мемлекеттік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Білім беру істері жөніндегі уақытша атқарушы министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 «Білім беру мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлерінің типтік штаттарын бекіту туралы» бұйрығы.

8. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022

жылғы 12 қаңтардағы № 6 «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарында психолого-педагогикалық сүйемелдеу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.

9. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы.

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу жоспарлары. Қазақстан Республикасының Білім министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту типтік оқу жоспарларын бекіту» жөнінде.

11. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау нормаларын бекіту туралы» бұйрығы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абкович А.Я. Дети с тяжелыми множественными нарушениями развития в образовательном пространстве: особенности создания специальных условий.- М., 2020

2. Акимова Е.А., Владыко Е.М., Павлова Н.Н., Бруцкая К.А. Сборник методических материалов по организации воспитания и обучения дошкольников с тяжелыми множественными нарушениями развития – М., 2021

3. Алвин Дж. Музыкальная терапия для детей с аутизмом / Дж. Алвин, Э Уорик / пер. с англ. – М.: Теревинф, 2004

4. Бабкина Н.В. Выбор индивидуального образовательного маршрута для ребенка с задержкой психического развития / Н.В. Бабкина // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. – 2017. – № 2

5. Базарный В.Ф. Зрение у детей. Проблемы развития. – Новосибирск «Наука», 1991

6. Баилова Т.А. Ян Ван Дайк о детях с врожденными нарушениями зрения и слуха: Вопросы обучения и исследование проблем / Т.А. Баилова, Т.М. Михайлова, А.М.Пайкова. – М., 2018

7. Белая Н.А. Психолого-педагогические условия развития речевого общения слабослышащих дошкольников: автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.03 / Н. А. Белая. - М., 2016

8. Борякова Н.Ю. Коррекционно-развивающее обучение и воспитание дошкольников с задержкой психического развития. Теория и практика: монография / Н.Ю. Борякова. – М. : РИЦ МГГУ им. М.А. Шолохова, 2016
9. Борякова Н.Ю. Педагогические системы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии: Учеб. пособие для студентов педвузов. – М.: Астрель, 2008
10. Браткова М.В., Караневская О.В. Методические рекомендации к организации и проведению адаптационного периода включения детей с расстройствами аутистического спектра в дошкольную образовательную организацию. – М.: Парадигма, 2016
11. Васина М.В. Практика использования специального оборудования в обучении детей с тяжелыми двигательными нарушениями. Коррекционная педагогика. Теория и практика. № 3(27) 2008
12. Верещага И.В., Моисеева И.В., Пайкова А.М. Психолого-педагогическая диагностика детей с тяжелыми и множественными нарушениями развития, включающими нарушения зрения и слуха / Под ред. А.М. Пайковой. – М., 2017
13. Волкова К. А., Денисова О. А., Казанская В. Л., Методика обучения глухих детей произношению. Серия: Коррекционная педагогика. – М: Владос, 2008 г.
14. Воспитание и обучение детей и подростков с тяжелыми и множественными нарушениями развития: программно-методические материалы / И.М. Бгажнокова, С.В. Комарова и др.; под ред. И.М. Бгажноковой. – М.: ВЛАДОС, 2012
15. Диагностический материал и методические рекомендации для проведения психолого-педагогического обследования детей с выраженным нарушением интеллекта, ТМНР при разработке специальной индивидуальной программы развития / Елисеева Е.Н., Истомина О.В., Рудакова Е.А.; науч. ред.: А.М. Царёв. – Псков, 2018
16. Дружинина Л. А. Пример индивидуальной пропедевтической коррекционной программы обучения ребенка дошкольного возраста с тяжелой патологией зрения (развитие зрительного восприятия): Учебно-методическое пособие / Л. А. Дружинина. – Челябинск, 2010
17. Денискина В.З. Образовательные потребности детей с нарушением зрения // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. –2013. – № 6
18. Дружинина Л.А., Осипова Л.Б. В помощь тифлопедагогу ДОУ: учебно-методическое пособие для студентов высших педагогических учебных заведений дефектологических факультетов – Челябинск, 2010
19. Жигорева М.В. Комплексная модель сопровождения развития дошкольников со сложными нарушениями: Монография.– М.: РИЦ МГГУ им. М.А. Шолохова, 2009

20. Козлова Е.В. Психолого-педагогическое сопровождение детей 1-2 года жизни с нарушениями двигательного развития. - Дисс. канд. пед. наук. - М., 2003
21. Кузьмичева Е.П. Обучение глухих детей восприятию и воспроизведению устной речи / Е. П. Кузьмичева, Е. З. Яхнина ; под. ред. Н. М. Назаровой. - М.: Академия, 2011
22. Левченко И.Ю., Приходько О.Г. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. – М., Академия. 2001
23. Либлинг М.М. Организационные модели дошкольного образования и воспитания детей с аутизмом / М.М. Либлинг // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. – 2009
24. Методика АВА (работа с детьми аутистами) Режим доступа: <https://multiurok.ru/sanie85/files/mietodika-ava-rabota-s-diet-mi-autistami.html>, <http://uhod-sa-rebenkom.ru/index.php/motornaya-imitatsiya>
25. Методические рекомендации по организации специальных условий получения образования для детей ограниченными возможностями здоровья в соответствии с заключениями ПМПК.- Государственное бюджетное учреждение Свердловской области «Центр психолого-педагогической, медицинской и социальной помощи «Ресурс», 2016
26. Методические рекомендации для образовательных организаций по определению индивидуальной профилактической работы для обучающихся с девиантным поведением / Л.Ю. Вакорина, Н.Н. Васягина, Ю.А. Герасименко, И.В. Пестова. М.: ФГБНУ «Центр защиты прав и интересов детей», 2018
27. Методические рекомендации для специалистов, работающих с детьми с расстройствами аутистического спектра.- Тверь, 2018
28. Методические рекомендации по организации обследования детей с тяжелыми и легкими поведенческими нарушениями и созданию для них специальных образовательных условий / С.В. Алехина и др. М., 2017
29. Машенко Е. Коррекционная работа с ребенком аутистом, с чего начать или "дорогу осилит идущий". Режим доступа: <http://www.b17.ru/article/29849/>.
30. Никольская О.С. Психологическая помощь детям с эмоциональными нарушениями (с аутизмом) в детском саду и школе / О.С. Никольская // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. – 2007. – № 5
31. Обучение и воспитание детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата: Учебно-методическое пособие. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2002
32. Определение специальных образовательных условий для детей с вариантами РАС / Семаго Н.Я. - М., 2016

33. Организационно-методическое сопровождение обеспечения образовательного процесса детей с тяжелыми множественными нарушениями развития. Методические рекомендации [Электронный ресурс] / Т. В. Насибулина, И. Д. Новикова.- Сыктывкар: КРИО, 2017
34. Особое образовательное пространство для ребенка с РАС/Методические рекомендации.- Мытищи, 2021
35. Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования/ Г.М.Коржова, Т.А.Вишневская, др. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020
36. Питерси М., Трелор Р. Маленькие ступеньки. Программа ранней педагогической помощи детям с отклонениями в развитии. Книжки 1-8. – М.: Ассоциация Даун Синдром, 2001
37. Подколзина Е.Н. Особенности использования наглядности в обучении детей с нарушением зрения. // Дефектология. – 2005. - № 3
38. Психолого-педагогическая коррекция и обучение детей с расстройствами аутистического спектра: методические рекомендации – Тамбов: ТОГБОУ «Центр лечебной педагогики и дифференцированного обучения», 2023
39. Психолого-педагогическое сопровождение ребёнка-аутиста: методическое пособие для педагогов, дефектологов, психологов, логопедов. – Биробиджан: ОГАОУ ДПО «ИПКПР», 2016
40. Психолого-педагогическое сопровождение родителей, воспитывающих детей с детским аутизмом / Джангельдинова З.Б., Баймуханова М.Е.- Алматы, ННПЦ КП, 2015
41. Разработка адаптированной основной образовательной программы дошкольного образования для детей с ОВЗ: Методическое пособие / Под общ. ред. Т. А. Овечкиной, Н. Н. Яковлевой. - СПб.: ЦДК проф. Л. Б. Баряевой, 2015
42. Рекомендации по адаптации образовательных программ для детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования/ Коржова Г.М., Вишневская Т.А., др.- Алматы: ННПЦ РСИО, 2019
43. Смирнова И.А. Специальное образование дошкольников с детским церебральным параличом. - СПб., 2003
44. Создание специальных образовательных условий для обучающихся с тяжелыми нарушениями речи. Методические рекомендации для специалистов ПМПК / Шестакова Е.Ю., Марголина Л.В., др.- Новосибирск, 2016
45. Создание специальных образовательных условий для обучающихся с умственной отсталостью. Методические рекомендации / Агарина Е.В., Боброва О.Б., др. Методические рекомендации для специалистов ПМПК Новосибирск 2016

46. Специальная развивающая программа для детей с аутизмом/ Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2020
47. Специальные методики дошкольного обучения и воспитания: Учебно-методические материалы в 2 ч. - Ч. 1 / авт.-сост. Е. П. Томашева. - Электрон. данные. - Могилев: МГУ имени А. А. Кулешова, 2017
48. Субботина Е.И., Абкович А.Я. Сенсорное воспитание детей со сложными нарушениями развития // Специальное образование. 2019. № 1 (53)
49. Танцюра С.Ю., Кононова С.И. Альтернативная коммуникация в обучении детей с ОВЗ – М: ТЦ «Сфера», 2017
50. Филичева Т.Б., Туманова Т.В., Соболева А.В. Методика преодоления недостатков речи у детей дошкольного возраста. М. Изд-во В. Секачев. 2016
51. Худенко Е.Д., Приходько О.Г. Программа воспитания и социализации детей со сложной структурой дефекта. – М., 2008
52. Чиркина Г.В. Проблема обучения детей с нарушениями речи в контексте их особых образовательных потребностей.- М., 2012.

Г.М.Коржова, Т.А.Вишневская, А.А. Назарбаева
Өртүрлі типтегі арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары
тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық қолдаудың
ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері

Редактор *Г.М. Коржова.*
Технический редактор *Д. Токтарбекова.*
Компьютерная верстка *А. Кabanбаев.*

Формат 60x84\16. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 3,25.

ННПЦ РСИО 050008, г. Алматы, ул. Байзакова 273 А,
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.